«Үздік әлеуметтік педагог-2018» облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Үздік әлеуметтік педагог-2018» облыстық байқауын өткізудің ережелері (бұдан әрі – Байқау) оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс жасайтын, кәсіби тұрғыда өз біліктілігін және шығармашылық потенциалын аша алатын, рухани-адамгершілік қасиеті бар, ақпараттық-коммуникативтік технологияны меңгерген ұстаздарды анықтау.

3. Байқаудың міндеттері:

- Ынтымақтастық пен шығармашылық атмосферасын қалыптастырып, нәтижеге бағыттай алатын, жұмыс жүргізу әдістемесін және тиімді технологияны меңгерген педагогтарды анықтау;
- Кәсіби қарым-қатынас көкжиегін анықтау;
- Шығармашыл, креативті, дербес, белсенді әлеуметтік педагогты анықтау;
- Қазіргі заманның педагогына сай қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру және тарату.

4. Байқауды облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы өткізеді.

5. Байқаудың қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру алқасы қалыптастырады.

6. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру алқасының құрамын қалыптастырады.

4. Байқауға қатысушылар

- Байқауға еңбек өтілі 3 жылдан кем емес, мектептердегі әлеуметтік педагогтар қатыса алады. Байқауға қатысушылардың жасы шектелмейді.

Ескерту: соңғы 3 жылда өткізілген облыстық байқаулардың I орын иегерлері байқауға қатыстырылмайды.

5.Байқауды өткізудің тәртібі мен уақыты

Байқау үш бөлімнен тұрады:

1. «Менің жұмыс тәжірибем». Байқауға қатысушы әлеуметтік педагог кез-келген компьютерлік бағдарламаны қолданып, өз жұмыс тәжірибесін презентациялайды (3 минут).

2. Үй тапсырмасы. Идеялар мен жобаларды қорғау «Шығармашылық алаңы». Әлеуметтік педагогтар төменде ұсынылған бағыттар бойынша тақырыптар таңдай отырып, шығармашылық жұмыс немесе идеяларын ұсынады (қорғайды) - 5 минут.

№	Аудан/қала	Ұсынылатын бағыттар
1	Ақтау қаласы	Сәтсіз отбасылармен жұмыс